

**«ТӘЖІРІБЕДЕГІ РЕФЛЕКСИЯ»
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ
ПЕДАГОГИКА КАДРЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ДАМУ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
МЕКТЕП ТРЕНЕРЛЕРІН ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Баспаға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығының
Әдістемелік кеңесі ұсынған

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016

Барлық құқықтар қорғалған. Осы басылымды кез келген түрінде және кез келген құралдармен, фотокөшірмені және кез келген электронды нысанды қоса алғанда, авторлық құқық берушінің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
БАҒДАРЛАМАҒА ШОЛУ	4
БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	4
БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ	5
ҚОСЫМШАЛАР	7

Кіріспе

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің оқыту тәжірибесін жетілдіру қажеттілігінің маңызы арта түсуде.

Осыған орай «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы (бұдан әрі – Кәсіби даму бағдарламасы) іске асырылуда, оның тиімді және маңызды саласы Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары бойынша біліктілігін арттырған мұғалімдердің (бұдан әрі – мектеп тренерлері) әлеуетін пайдалану болып табылады.

Осы мақсатта «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасын (бұдан әрі – Мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасын) әзірледі.

Бағдарламаға шолу

Бағдарламаның мақсаты:

Мектеп тренерлерінің кәсіби даму бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) мектеп тренерлерін Кәсіби даму бағдарламасымен таныстыру;
- 2) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары бойынша оқудан өткен мұғалімдердің мектеп тренері ретінде қажет болатын дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында Кәсіби даму бағдарламасын іске асыру үшін даярланған мектеп тренерлері.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені:

- 1) Мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасы;
- 2) Кәсіби даму бағдарламасы;
- 3) Мұғалімге арналған нұсқаулық;
- 4) Тренерге арналған нұсқаулық;
- 5) Мектеп тренеріне арналған нұсқаулық;
- 6) Үлестірме материалдар.

Бағдарламаның құрылымы

Мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасының құрылымы осы Бағдарламаның «Күнделікті оқу моделі» атты 1-қосымшасына сәйкес төмендегілерді қамтиды: ересектерді оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдермен және жұмыс нысандарымен танысу; үйренгендерін тәжірибе жүзінде іске асыруға жаттығуға бағытталған ықшамсабақтар; тәжірибе туралы рефлексия.

Мектеп тренерлерінің күнделікті оқуы теориялық және тәжірибелік оқу кезеңдеріне бөлінген. Әрбір оқу күнінің алғашқы екі сабағында мектеп тренерлері Кәсіби даму бағдарламасы бойынша курстарды ұйымдастыруда қолдануға болатын әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қарастырады. Түстен кейінгі сабақтарда күннің басында талданған шараларды тәжірибе жүзінде іске асыруға қабілетті болуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп тренерлері Кәсіби даму бағдарламасы тақырыптарына негізделген ықшамсабақ жоспарлап өткізеді. Сондықтан бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді. Ықшамсабақты жоспарлау және іске асыру барысында мектеп тренерлеріне әріптестері мен тренерлерден сындарлы кері байланыс алуға мүмкіндік беріледі.

Мектеп тренерлерінің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін белгілеу және жетілдіру мақсатында курстың ажырамас бөлігі ретінде өз тәжірибесі туралы өзіндік және өзара рефлексия жасауы көзделген.

Мектеп тренерлерінің меңгерген дағдылары төрт деңгей бойынша бағамдалады: бастапқы деңгей, қалыптасу деңгейі, қалыптасқан деңгей, жетілген деңгей.

Бағдарламаның мазмұны

Курс барысында ересектерді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдермен және жұмыс нысандарымен танысып, әріптестерінде оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер туралы түсінік қалыптастырып, оларды іске асыру үшін қажетті дағдыларды меңгеруге көмектесу жолдарын қарастыруда мектеп тренерлеріне тиісті педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану тұрғысынан әдістемелік қолдау көрсетіледі.

Кәсіби даму бағдарламасы сындарлы оқыту теориясына негізделген. Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Мұндай жолмен оқытудан алған, механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кезінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жаттап алынған білім тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Кәсіби даму бағдарламасы мұғалімдерден оқыту саласына қатысты зерттеулермен танысып, талдау жасауды, қарастырылған зерттеулерді қажеттілігіне орай өз тәжірибесінде пайдалану барысында туындаған сауалдар, қалыптасқан ой-пікірлері мен тәжірибесін әріптестері және тренерлер алдында ортаға салып, кәсіби пікірталастарға қатысуын талап етеді.

Күнделікті сабақтар 9:00-ден 12:30-ға дейін және 14:00-ден 17:30-ға дейін, үзілістер 10.30-дан 11.00-ге дейін және 15.30-дан 15.45-ке дейін құрылымдалған, олар зерттелген тәжірибеге негізделген жазбаша материалдарды пайдалану

арқылы жүргізілетін интербелсенді лекциялар мен тәжірибелік сабақтар кешенін қамтиды. Мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасының оқу жоспары осы Бағдарламаның 2-қосымшасында ұсынылған.

Мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасына
1-қосымша

Күнделікті оқу моделі



Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Тренердің шеберлігі мен имиджі. Тренердің құндылықтары	1-сабақ: Оқу үдерісіндегі тренердің рөлі	2
		2-сабақ: Оқытудағы коучинг тәсілі	2
		3-сабақ: Оқыту кезеңдері. Тайм-менеджмент. Дауыс ырғағы, дене қимылдары, ым-шаралар	2
		4-сабақ: Кеңістікті ұйымдастыру, топ ережесі. Оқытудағы интербелсенділік және инклюзивтілік.	2
2	Оқыту әдістері	1-сабақ: Ересектерді оқыту нысандары: шеберлік сабағы, тренинг, семинар, коучинг, дөңгелек үстел	2
		2-сабақ: Ой қозғау әдістері: миға шабуыл, видеоталдау, кинометафора, проблемалық жағдаяттар	2
		3-4-сабақтар: «Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасының тақырыптары бойынша ықшамсабақ: «Қалай оқу керектігін үйрену», «Диалогтік оқыту»	4
3	Оқыту әдістері	1-2-сабақтар: Мағынаны тану әдістері: модерация, социометрия, тақырыптық жаттығулар	4
		3-4-сабақтар: «Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасының тақырыптары бойынша ықшамсабақ: «Сын тұрғысынан ойлау»	4
4	Оқыту әдістері	1-2-сабақтар: Рефлексия және кері байланыс әдістері: жазбаша, ауызша, графикалық. Брифинг, алмасу	4
		3-4-сабақтар: «Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасының тақырыптары бойынша ықшамсабақ: «Оқу үшін бағалау»	4
5	Оқыту әдістері	1-2-сабақтар: Тимбилдинг әдістері: бой жазу, психогимнастикалық жаттығулар, квесттер	4
		3-4-сабақтар: «Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасының тақырыптары бойынша ықшамсабақ: «Оқыту мен оқуда АКТ қолдану»	4
6	Оқыту жоспарын әзірлеу әдістемесі	1-2-сабақтар: Оқытуды тиімді жоспарлау. Соңғы нәтиже нысаны. Кері дизайн әдісі	4
		3-4-сабақтар: «Тәжірибедегі рефлексия» кәсіби даму бағдарламасының сабақ жоспарларын әзірлеу. Бағдарлама бойынша оқытуды бағалау критерийлерін әзірлеу	4
7	Тиімді сабақ: қадағалау және талдау	1-2-сабақтар: Тиімді сабақ критерийлері	4
		3-сабақ: Сабақты қадағалау және талдау әдістері: құрылымдалған, графикалық	
		4-сабақ: Сабақты қадағалағаннан кейін мұғалімге кері байланыс ұсыну	
8	Тренердің тәжірибелік дағдылары	1-4-сабақтар: Ықшамсабақ. Топта әзірленген критерийлерге сәйкес тренерден және әріптестерінен кері байланыс алу: жоспарлау, оқыту, тренердің құндылықтары және қалыптастырушы бағалау туралы	8

9	Тыңдаушыларды қалыптастырушы және жиынтық бағалау	1-4-сабақтар: Қалыптастырушы бағалау әдістері. Кері байланыс. Оқыту нәтижелерін қалай бағалау керек?	8
10	Мұғалімдердің рефлексиялық есептерін бағалау	1-2-сабақтар: Рефлексиялық есеп. Есеп құрылымы	4
		3-4-сабақтар: Есепті бағалауға арналған айдарлар. Бағалау критерийлері: білу және түсіну, қолдану, рефлексия. Сипаттамалық және сараптамалық жазба	4
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут			80 ака- дем. сағат
Бағдарлама бойынша барлығы:			



**ПРОГРАММА
ОБУЧЕНИЯ ШКОЛЬНЫХ ТРЕНЕРОВ
ПО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ
ПРОГРАММЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО
РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ
В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ
«РЕФЛЕКСИЯ В ПРАКТИКЕ»**

Рекомендовано к печати Методическим советом
Центра педагогического мастерства
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

© Центр педагогического мастерства АОО
«Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016

Все права сохраняются. Запрещается полное или частичное воспроизведение или передача настоящего издания в любом виде и любыми средствами, включая фотокопирование и любую электронную форму, без письменного разрешения держателя авторского права.

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ	14
ОБЗОР ПРОГРАММЫ	14
СТРУКТУРА ПРОГРАММЫ	15
СОДЕРЖАНИЕ ПРОГРАММЫ	15
ПРИЛОЖЕНИЯ	17

Введение

В рамках обновления содержания среднего образования в Республике Казахстан потребность в совершенствовании практики преподавания учителей приобретает большую актуальность.

В связи с этим, предусмотрена реализация Образовательной программы профессионального развития педагогических кадров в общеобразовательных школах «Рефлексия в практике» (далее – Программа профессионального развития), в рамках которой используется потенциал учителей, прошедших повышение квалификации по уровневым программам повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан (далее – школьные тренеры).

Таким образом, частным учреждением «Центр педагогического мастерства» разработана Программа обучения школьных тренеров по образовательной программе профессионального развития педагогических кадров в общеобразовательных школах «Рефлексия в практике» (далее – Программа обучения школьных тренеров).

Обзор программы

Цель программы:

Развитие у школьных тренеров знаний и навыков необходимых для реализации программы профессионального развития в школах.

Задачи программы:

- 1) ознакомить школьных тренеров с Программой профессионального развития;
- 2) усовершенствовать навыки учителей, прошедших обучение по уровневым программам повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан необходимые для работы в качестве школьного тренера.

Ожидаемые результаты обучения:

подготовленные школьные тренеры для реализации Программы профессионального развития в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.

Учебно-методический комплекс Программы включает:

- 1) Программу обучения школьных тренеров;
- 2) Программу профессионального развития;
- 3) Руководство для учителя;
- 4) Руководство для тренера;
- 5) Руководство школьного тренера;
- 6) Раздаточные материалы.

Структура Программы

Структура Программы обучения школьных тренеров в соответствии с приложением 1 к данной программе «Модель ежедневного обучения» включает: ознакомление с эффективными методами и подходами, а также формами работы, которые применяются в преподавании для взрослых; микропреподавание, направленное на использование полученных знаний на практике; рефлексию приобретенного опыта.

Ежедневная программа обучения школьных тренеров разделена на два этапа: теоретический и практический. В рамках теоретического этапа, осуществляемого в период первых двух занятий каждого дня обучения, рассматриваются методы, подходы и формы работы, применяемые при организации курсов по Программе профессионального развития. В рамках практического этапа ежедневно на третьем и четвертом занятиях школьные тренеры осуществляют планирование занятий и микропреподавание, основанное на темах Программы профессионального развития с целью закрепления на практике методов и подходов, рассмотренных на первых двух занятиях. При осуществлении микропреподавания школьные тренеры обеспечиваются конструктивной обратной связью своих коллег и тренера.

В целях установления и возможности повышения уровня понимания содержания Программы предусмотрено осуществление школьными тренерами само- и взаиморефлексии.

Оценка уровня навыков школьных тренеров определяется в соответствии с четырьмя дескрипторами: репродуктивный, адаптивный, моделирующий и системный.

Содержание Программы

В ходе обучения предполагается оказание методической поддержки школьным тренерам в отношении использования соответствующих педагогических методов, подходов, форм работы необходимых для обучения взрослых в рамках Программы профессионального развития.

Программа профессионального развития основана на теории конструктивизма. Современная практика и результаты исследований показывают, что «традиционная» методика преподавания, основанная на трансляции готовых знаний, не может обеспечить эффективное интегрирование новых знаний в имеющиеся и, следовательно, в данной ситуации имеет место только механическое запоминание, поверхностное обучение. Получаемая подобным образом информация может быть успешно продемонстрирована на экзаменах, но она не усваивается обучающимися, малополезна после завершения ее изучения, различного рода экзаменов и не используется в жизненных ситуациях. Цель конструктивистского преподавания состоит в том, чтобы развить глубокое понимание предмета учеником, обеспечив использование и применение знаний вне класса на основе своего предыдущего опыта.

Программа профессионального развития нацелена на изучение исследований в сфере преподавания, умение анализировать собственную деятельность, обсуждать с коллегами инновационные процессы, которые сформировались в ходе курсового обучения.

Ежедневный процесс обучения структурирован по времени проведения на четыре занятия: с 9:00 до 12:30 часов и с 14:00 до 17:30 часов, включая перерывы с 10:30 до 11:00 часов и с 15:30 до 15:45 часов, предполагая комплекс интерактивных лекций и практических занятий с использованием письменных материалов. Учебный план Программы обучения школьных тренеров представлен в Приложении 3 к настоящей Программе.

Приложение 1 к Программе обучения
школьных тренеров

Модель ежедневного обучения



Учебный план

Этап «Лицом к лицу»				
№ не- дели	№ дня	Общая тема дня	Тема занятия	Кол-во часов
1	1	Мастерство и имидж тренера. Ценности тренера.	Занятие 1: Роль тренера в процессе обучения. Занятие 2: Коучинговый подход в тренинге. Занятие 3: Этапы тренинга. Тайм-менеджмент тренинга. Тон голоса, жесты. Занятие 4: Организация пространства, правила группы. Интерактивность и инклюзивность тренинга. Групповая динамика. Как работать со сложными участниками?	8
	2	Методы тренинга.	Занятие 1: Формы обучения взрослых: мастер-класс, тренинг, семинар, коучинг, круглый стол. Занятие 2: Методы вызова: мозговой штурм, видеоанализ, кинометафора, проблемные ситуации. Занятия 3-4: Микропреподавание по темам программы «Эффективное обучение»: «Обучение тому, как учиться», «Диалоговое обучение».	8
	3	Методы тренинга.	Занятия 1-2: Методы осмысления: модерация, социометрия, тематические упражнения. Занятия 3-4: Микропреподавание по теме «Критическое мышление» программы «Эффективное обучение».	8
	4	Методы тренинга.	Занятия 1-2: Методы рефлексии и обратной связи: письменные, устные, графические. Брифинг, шеринг. Занятия 3-4: Микропреподавание по теме «Оценивание для обучения» программы «Эффективное обучение».	8
	5	Методы тренинга.	Занятия 1-2: Методы тимбилдинга: разминки, психогимнастические упражнения, квесты. Занятия 3-4: Микропреподавание по теме «Использование ИКТ в преподавании и учении» программы «Эффективное обучение».	8
2	1	Методология и разработка плана тренинга.	Занятия 1-2: Эффективное планирование тренинга. Формат конечного результата. Метод обратного дизайна. Занятия 3-4: Разработка планов тренинга по Программе Центра педагогического мастерства «Эффективное обучение». Разработка критериев оценивания тренинга по Программе «Эффективное обучение».	8

	2	Эффективный урок: наблюдение и анализ.	Занятия 1-2: Критерии эффективного урока. Занятие 3: Методы наблюдения и анализа урока: структурированные, графические. Занятие 4: Предоставление обратной связи учителю после наблюдения урока.	8
	3	Практические навыки тренера.	Занятия 1-4: Микропреподавание. Обратная связь от тренера и коллег согласно критериям, разработанным в группе: по планированию, преподаванию, ценностям тренера и формативному оцениванию.	8
	4	Суммативное и формативное оценивание участников тренинга.	Занятия 1-4: Методы формативного оценивания. Обратная связь. Как оценить результаты тренинга?	8
	5	Оценивание рефлексивных отчетов учителей.	Занятия 1-2: Рефлексивные отчеты. Структура отчета. Занятия 3-4: Рубрики оценивания отчета. Критерии оценивания: знание, понимание, применение, рефлексия. Deskриптивное и аналитическое письмо.	8
Примечание: 1 час – 45 мин				80 часов
Всего по Программе:				

Теруге 01.06.2016. берілді. Басуға 02.06.2016. қол қойылды.
Пішімі 60x84/8. Кеңсе қағаз 80 гр/м2. Сандық басылыс.
Шартты б. т. 2,32. Таралымы 180 дана. Тапсырыс №561
«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында
басылды. 010000, Астана қ., №31 көше, 37а үй.
e-mail: info@cpm.kz.

Сдано в набор 16.05.2016. Подписано в печать 16.05.2016.
Формат 60x84/8. Бумага офисная 80 гр/м2. Печать
цифровая. Усл. печ. л. 2,32. Тираж 180 экз. Заказ №561
Отпечатано в типографии ЧУ «Центр педагогического
мастерства» 010000. г. Астана, ул. №31, дом 37а.
e-mail: info@cpm.kz